

9-10 Дәріс

Шағатай тілі грамматикасы

Етістіктің жіктелуі

Жіктік жалғаулар

Өзге де түркі тілдеріндегідей Шағатай тілінде де өткен шақ, ауыспалы осы шақ, келер шақ және шартты райдың жіктелуі жіктік жалғауларымен жасалынады. Жіктік жалғаулар, етістік формасындағы бастауыштың қай жақта тұрғандығын көрсетеді.

1. Есімдік негізді жіктік жалғаулар

	Жеке	Көптік
1-жақ	<i>-mèn</i>	<i>biz</i>
2-жақ	<i>-sèn</i>	<i>siz</i>
3-жақ	<i>-dur/-tur, -durur/-turur</i>	<i>-lar, -durlar/-turlar</i>

2. Тәуелдік негізді жіктік жалғаулар

	Жеке	Көптік
1-жақ	<i>-m</i>	<i>-k/-k̄</i>
2-жақ	<i>-η</i>	<i>-ηız</i>
3-жақ	<i>-</i>	<i>-lar</i>

3. Бұйрық рай жіктік жалғаулары

	Жеке	Көптік
1-жақ	<i>-</i>	<i>-</i>
2-жақ	<i>-ğil/-ğın</i>	<i>-ηlar/-ηızlar</i>
3-жақ	<i>-sun, -dék</i>	<i>-sunlar, -dékler</i>

4. Нақты келер шақта қолданылатын жіктік жалғаулар

	Жеке	Көптік
1-жақ	<i>-m</i>	<i>-mız</i>
2-жақ	<i>-η</i>	<i>-ηız</i>
3-жақ	<i>-sı</i>	<i>-ları, -sılar</i>

5. Қалау рай жіктік жалғаулары

	Жеке	Көптік
1-жақ	<i>-ayın</i>	<i>-alıη</i>
2-жақ	<i>-</i>	<i>-</i>
3-жақ	<i>-</i>	<i>-</i>

Етістіктің райлары

Жедел өткен шақ

Шағатай тілінде жедел өткен шақ түбір мен туынды сөздерге *-dı/-di* өткен шақ жалғауы мен тәуелдік жалғауларының тіркелуі арқылы жасалады. *-dı/-di* формасындағы жедел өткен шақ жалғауы *ç, k, p, k, s, ş* дауыссыздарымен аяқталған түбір мен туынды сөздерден кейін көбіне *-t* формасында қолданылады.

1-жақ жекеше түрі: *-dım/-dim, -dum/-düm, -tım/-tim, -tum/-tüm*

aldım ‘алдым’, *bağladım* ‘байладым’, *bérdim* ‘бердім’, *bitidim* ‘жаздым’, *dèdim* ‘дедім’, *kördüm* ‘көрдім’, *kèttim* ‘кеттім’, *oқudum* ‘оқыдым’, *taptım* ‘таптым’, *tiledim* ‘тіледім’.

2-жақ жекеше түрі: *-dıñ/-diñ, -duñ/-düñ, -tıñ/-tiñ, -tuñ/-tüñ*

aldıñ ‘алдың’, *boldıñ* ‘болдың’, *dèdiñ* ‘дедің’, *bitidiñ* ‘жаздың’, *èktiñ* ‘ектің’, *kördüñ* ‘көрдің’, *kèttiñ* ‘кеттің’, *taptıñ* ‘таптың’, *tilediñ* ‘тіледің’.

3-жақ жекеше түрі: *-dı/-di, -tı/-ti*

aldı ‘алды’, *bardı* ‘барды’, *bèrdi* ‘берді’, *bitidi* ‘жазды’, *dèdi* ‘деді’, *kördi* ‘көрді’, *kètti* ‘кетті’, *taptı* ‘тапты’, *tiledi* ‘тіледі’.

1-жақ көпше түрі: *-dıқ/-dik, -duқ/-dük, -tıқ/-tik, -tuқ/-tük*

aldıқ ‘алдық’, *bardıқ* ‘бардық’, *bèrdik* ‘бердік’, *bitidik* ‘жаздық’, *dèdik* ‘дедік’, *kördük* ‘көрдік’, *kèttik* ‘кеттік’, *taptıқ* ‘таптық’, *tiledik* ‘тіледік’.

2-жақ көпше түрі: *-dıñız/-diñiz, -duñız/-düñiz, -duñuz/-dünüz, -dıñızlar/-diñizler; -tıñız/-tiñiz, -tuñız/-tünüz, -tıñızlar/-tiñizler*

aldıñız ‘алдыңыз’, *bardıñız* ‘бардыңыз’, *bèrdiñiz* ‘бердіңіз’, *bittiñiz* ‘біттіңіз’, *dèdiñiz* ‘дедіңіз’, *қақтыñız* ‘қаштыңыз’, *kördüñüz* ‘көрдіңіз’, *kèttiñiz* ‘кеттіңіз’, *taptıñız* ‘таптыңыз’, *tilediñiz* ‘тіледіңіз’.

3-жақ көпше түрі: *-dılar/-diler, -tılar/-tiler*

aldılar ‘олар алды’, *bardılar* ‘олар барды’, *bèrdiler* ‘олар берді’, *bitidiler* ‘олар жазды’, *dèdiler* ‘олар деді’, *kördiler* ‘олар көрді’, *kèttiler* ‘олар кетті’, *taptılar* ‘олар тапты’, *tilediler* ‘олар тіледі’.

Болымсыз түрі *-ma/-me* жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: *almadılar* ‘олар алмады’, *taptmadılar* ‘олар таппады’.

Бұрынғы өткен шақ

Шағатай тілінде бұрынғы өткен шақ түбір мен туынды сөздерге *-miş/-miş* өткен шақ жалғауы және тәуелдік жалғаулары тіркеле отырып жасалады. Бұрынғы өткен шақ формаларын көбіне өлеңдерден байқауға болады.

1-жақ жекеше түрі: *-miş/-mişmên*

bilmîş mên ‘біліппін’, *tapmîş mên* ‘тауыппын’.

2-жақ жекеше түрі: *-miş/-mişsên*

bilmîş sên ‘біліпсіз’, *tapmîş sên* ‘тауыпсың’.

3-жақ жекеше түрі: *-miş/-miş*

almîş ‘алыпты’, *barmîş* ‘барыпты’, *bêrmîş* ‘беріпті’, *bitimîş* ‘жазыпты’, *dêmîş* ‘депті’, *kêtîmîş* ‘кетіпті’, *kôrmîş* ‘көріпті’, *tapmîş* ‘тауыпты’, *urmîş* ‘ұрыпты’.

1-жақ көпше түрі: *-miş/-mişbiz*

almîş biz ‘алыппыз’, *barmîş biz* ‘барыппыз’, *qalmîş biz* ‘қалыппыз’, *kôrmîş biz* ‘көріппіз’.

2-жақ көпше түрі: *-miş/-miş siz*

almîş siz ‘алыпсыздар’, *barmîş siz* ‘барыпсыздар’, *bêrmîş siz* ‘беріпсіздер’, *kôrmîş siz* ‘көріпсіздер’.

3-жақ көпше түрі: *-mişlar/-mişler*

almîşlar ‘олар алыпты’, *barmîşlar* ‘олар барыпты’, *bêrmîşler* ‘олар беріпті’, *bitimîşler* ‘олар жазыпты’, *tapmîşlar* ‘олар тауыпты’.

Болымсыз түрі *-ma/-me* жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: *tapmamîş sên* ‘таппапсың’, *tapmamîşlar* ‘олар таппапты’.

-gân/-gen есімше жалғаулары арқылы жасалған өткен шақ

Етістіктің түбіріне *-gân/-gen* есімше жалғауы мен жіктік жалғаулардың тіркелуі арқылы пайда болған бұл өткен шақ түрі, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын басталып, бірақ ықпалының әлі де жалғасып жатқанын көрсетуде қолданылады.

kôrgen mên ‘көргенмін’, *kôrgen sên* ‘көргенсің’, *kôrgendür/turur* ‘көріпті /көрген’, *kôrgen biz* ‘көгенбіз’, *kôrgen siz* ‘көргенсіз’, *kôrgendürler/kôrgenler turur* ‘олар көрген екен/ көріпті’.

Болымсыз формасы *kôrgen êrmes / êrmestür* немесе *kôrgen êrmestür* ‘көрмепті’ түрінде жасалады.


Тапсырмалар:

1. Төмендегі сөздерді оқыңыз және көшіріп жазып, машықтаныңыз.

- | | |
|------------------|---------------|
| 1- بلبل | 7- هجران |
| 2- تيلارميين | 8- خالينك |
| 3- باشم نى | 9- قيلماق |
| 4- اراميزدا | 10- تنكريد ين |
| 5- يوراكيم | |
| 6- يوليغه/يوليغا | |

2. Берілген түпнұсқа мәтінін көшіріп жазыңыз.

Gül ü Nevruz'dan



(Mevlânâ Lutfî, Gül ü Nevruz Mesnevisi, Süleymaniye Kütüphanesi, nr. 1911, 8a)

3. Берілген түпнұсқа мәтінінің транскрипциясын жасаңыз

4. Түпнұсқа мәтіннің транскрипциясына қарай отырып морфологиялық талдау жасаңыз

5. Берілген сөздерді араб әріптерімен жазып, жазылуы мен транскрипциясын салыстырыңыз

- | | |
|-------------------------|-------------------------------|
| Pāye, - | Şanevber, -sāye, -ser-keşlik, |
| perişanlık, -Peşimān, - | ser-māye, -serv, -sevdāyi, |
| pīrāye, -Rāy, -rūşen, | tæg, -tökküçi, |

СМӨЖ Тақрыптары:

1. «Шесере-и теракиме, Мийманнаме Бұхара»ның мазмұны және авторы туралы баяндама дайындау.
2. Шағатай тілінде жазылған деректерді зерттелуі және Қазақстан тарихы тақрыбында баяндама жасау.

Әдебиеттер Тізімі:

1. Argunşah, M., Çağatay Türkçesi, Kesit баспасы, Анкара, 2013.
2. Eckmann J., аудар: Karaağaç G., Çağatayca El Kitabı, Akça баспасы, Анкара, 2003.
3. Eminoğlu, M., Osmanlı Vesikalarını Okumaya Giriş, Türkiye Diyanet Vakfı баспасы, Анкара, 2017.
4. Қордабаев, Т., Томанов, М., Тарихи грамматика мәселелері, Мектеп, Алматы, 1975.
5. Шадкам З., Кыдырбаева Ү., «Шағатай тіліне кіріспе». Қазақ университеті. Алматы. 2019.
6. Сыздықова Р.Ф. Текстология мәселелері//Қазақәдебиеті. –1964. – 27 март.
7. Убайдуллаева Г.Ж. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIVғ.) текстологиясы (жәдігерліктіңқазақтілінеқатысы): Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. –198 б.